

Қазақстан Республикасының геология саласындағы кейбір нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 14 ақпандағы № 51 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 17 ақпанда № 35731 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс министрі*

К. Шарлапаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрінің

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Геология және су ресурстарын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 22 мамырдағы № 117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20723 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларын келісу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың бірыңғай платформасының (бұдан әрі – ЖҚПБП) ақпараттық жүйесінің автоматтандыру объектілері арқылы электрондық түрде су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларын келісу туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысанын және нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Талаптардың тізбесі) жазылған.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушы ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің автоматтандыру объектілері арқылы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" өтінішті тіркеудің бірыңғай есептік нөмірін, күнін және уақытын көрсете отырып және мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күнін көрсете отырып, мәртебе көрсетіледі.

5. Жауапты бөлімшенің қызметкері өтініш келіп түскен күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша

қорытындыны немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

ЖҚПБП-да мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі және сақталады.";

8, 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ЖҚПБП-дан мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты түрде беріледі.

9. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.";

осы Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға, қайта бейіндеуге), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің автоматтандыру объектілері арқылы электрондық түрде су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға, қайта бейіндеуге), пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жаратуға) қорытынды беру туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысанын және нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Талаптардың тізбесі) жазылған.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушы ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің автоматтандыру объектілері арқылы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде – автоматты тіркеу жүргізіледі және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" өтінішті тіркеудің бірыңғай есептік нөмірін, күнін және уақытын көрсете отырып және мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күнін көрсете отырып, мәртебе көрсетіледі.

5. Жауапты бөлімшенің қызметкері өтініш келіп түскен күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытындыны немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

ЖҚПБП-да мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жіберіледі және сақталады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.";

осы Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Отын-энергетикалық және минералды шикізат аудандары мен кен орындары бойынша жер қойнауы туралы ақпараттың экспортына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің автоматтандыру объектілері арқылы электрондық түрде отын-энергетикалық және минералды шикізат аудандары мен кен орындары бойынша жер қойнауы туралы ақпараттың экспортына лицензия беру туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді.

Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке қызмет түрімен айналасу құқығы үшін лицензиялық алымды бюджетке төлеуді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің автоматтандыру объектілері арқылы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде – өтінішті автоматты тіркеу жүргізіледі және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" өтінішті тіркеудің бірыңғай есептік нөмірін, күнін және уақытын көрсете отырып және мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күнін көрсете отырып, мәртебе көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысанын және нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Талаптардың тізбесі) жазылған.";

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тіркеу нөмірі барлық жолдар толтырылып, құжаттарды жүктегеннен және өтінім жіберілген күні көрсетілетін қызметті алушы өтінімді жібергеннен кейін ЖҚПБП-да автоматты түрде беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда құжаттардың тіркеу нөмірі келесі жұмыс күні беріледі.

Жауапты орындаушы көрсетілетін қызметті алушыдан өтінішті тіркеген және құжаттарды алған сәттен бастап 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде құжаттардың осы Қағидаларға қойылатын талаптарға сәйкестігіне тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық еместігі және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттар бары анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтінішті одан әрі қарастырудан бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды.

Көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған өтінішті одан әрі қарастырудан дәлелді бас тарту өтініш берушіге электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізу келісімі болмаған жағдайда бас тарту туралы дәлелді жауап беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері оларды осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді және отын-энергетикалық және минералды шикізат аудандары мен кен орындары бойынша жер қойнауы туралы ақпараттың экспортына лицензия не Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша 3 күн ішінде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап береді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында "жеке кабинетке" жіберіледі

7. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынғаннан кейін 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері оларды осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді және отын-энергетикалық және минералды шикізат аудандары мен кен орындары бойынша жер қойнауы туралы ақпараттың экспортына лицензия не Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша 3 күн ішінде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап береді.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.";

осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшалар осы бұйрыққа 7 және 8-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

4, 5, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің автоматтандыру объектілері арқылы электрондық түрде жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беру туралы өтініш береді.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 251-бабының 5-тармағына сәйкес өтініш және оған қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалуы тиіс.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысанын және нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Талаптардың тізбесі) жазылған.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

5. ЖҚПБП-ға өтініш берген кезде автоматты түрде жер қойнауының кеңістігін пайдалануға сұрау салынатын учаске(лер) аумақтарын беру мүмкіндігіне бостығына тексеріс жүзеге асырылады. Егер тексеру нәтижелері теріс болса, көрсетілетін қызметті алушы өтініш бере алмайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің ақпараттандыру объектілері арқылы ұсынған кезде -көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" бірегей есептік нөмірі, өтінішті тіркеу күні мен уақыты және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетілген мәртебе көрсетіледі.

6. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жауапты орындаушы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер қойнауы кеңістігін пайдалануға лицензия түрінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін дайындайды, көрсетілетін қызметті берушінің басшысымен қол қояды және ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің ақпараттандыру объектісі арқылы жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында "жеке кабинетке" сақталады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректер ЖҚПБП-дан Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты түрде беріледі.

7. Лицензия мынадай жағдайларда қайта ресімделуге жатады:

жер қойнауын пайдаланушы туралы мәліметтерді өзгерту:

жеке тұлғалар үшін – тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) және (немесе) азаматтығын өзгерту;

заңды тұлғалар үшін – атауын немесе орналасқан жерін өзгерту;

жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің ауысуы;

лицензия мерзімін ұзарту;

жер қойнауы учаскесі аумағының шекарасын өзгерту.

Лицензияны қайта ресімдеу осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушы беретін көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны қайта ресімдеуге арналған өтініш бойынша жүргізіледі.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді."

осы Қағидаларға 1, 2, 3 және 4-қосымшалар осы бұйрыққа 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияны беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

4, 5, 6, 7, 8, 9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің автоматтандыру объектілері арқылы электрондық түрде жер қойнауын геологиялық зерттеуге лицензия беру туралы өтініш береді.

Өтініш және оған қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде беріледі.

ЖҚПБП-ға өтініш берген кезде жер қойнауын геологиялық зерделеуге арналған лицензияға сұрау салынатын учаске(лер) аумақтарын беру мүмкіндігіне тексеру жүзеге асырылады. Егер тексеру нәтижелері теріс болса, көрсетілетін қызметті алушы өтініш бере алмайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны мен нәтижесін ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің ақпараттандыру объектілері арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Талаптардың тізбесі) баяндалған.

5. Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің ақпараттандыру объектілері арқылы ұсынған кезде - автоматты тіркеу жүреді және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" бірегей есептік нөмірі, өтінішті тіркеу күні мен уақыты және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетілген мәртебе көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы өтініші тіркелген сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде олардың заңнамалық нормаларға сәйкестігін тексереді.";

7. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы өтініш тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуге өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жолдайды.

8. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы өтініш тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде "Ұлттық геологиялық қызмет" акционерлік қоғамына (бұдан әрі-Қоғам) сұрау салынған аумақты бос болуына тексеру туралы сұрау салу жолдайды.

9. Қоғам сұрау салу алынған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде аумақты бос болуына тексереді.

10. Осы Қағидалардың Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі ішінде осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуге өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің ақпараттандыру объектілері арқылы жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған және осы Қағидалардың Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағына сәйкес бас тарту үшін негіздер болмаған жағдайда, жауапты орындаушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер қойнауын геологиялық зерделеуге лицензия түрінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ілеспе хатты қоса бере отырып дайындайды, көрсетілетін қызметті берушінің басшысымен қол қояды және ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің ақпараттандыру объектісі арқылы жібереді.

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (бұдан әрі – Кодекс) көрсетілген бұзушылықтар анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші бұл туралы көрсетілетін қызметті алушыны осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің ақпараттандыру объектілері арқылы хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіні Кодекстің 92-бабында көзделген мерзімде осындай жоюды растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бұзушылықты жою туралы осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің ақпараттандыру объектілері арқылы хабардар етеді.

Кодексте көрсетілген мерзімде бұзушылық жойылмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші лицензияны қайтарып алады.

Лицензияны қайтарып алуды көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер қойнауын геологиялық зерделеуге арналған лицензияны кері қайтарып алу туралы хабарламаны ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің ақпараттандыру объектілері арқылы жіберу жолымен жүргізеді.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.";

осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшалар осы бұйрыққа 13, 14, 15, 16, 17, 18 және 19-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Пайдалы қазбалар жатқан аумақтарда құрылыс салуға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 367 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17049 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Пайдалы қазбалар жатқан аумақтарда құрылыс салуға рұқсат беру" қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Пайдалы қазбалар жатқан аумақта құрылыс салуға рұқсат алу үшін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен "Жер қойнауын пайдалану бірыңғай платформасы" (бұдан әрі – ЖҚПБП) ақпараттық жүйесінің ақпараттандыру объектілері арқылы "Алдағы уақытта құрылыс учаскесі астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқ немесе оның аз мөлшерде екендігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінімді жолдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 5-қосымшада сәйкес баяндалған.

Жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің ақпараттандыру объектілері арқылы ұсынған кезде -автоматты тіркеу жүргізіледі және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" бірегей есептік нөмірі, өтінішті тіркеу күні мен уақыты және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетілген мәртебе көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы ақпарат мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде автоматты режимде жаңартылады.";

7, 8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Аумақтық бөлімше көрсетілетін қызметті беруші өтінішті тіркеген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өтінішті қарайды және ЭЦҚ қолдана отырып келіседі."

8. Алдағы уақытта құрылыс учаскесі астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқ немесе оның аз мөлшерде болған жағдайында, көрсетілетін қызметті беруші 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде көрсетілетін қызметті алушының ЖҚПБП-дағы "жеке кабинетіне" ЭЦҚ қойылған осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алдағы уақытта құрылыс учаскесі астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқ немесе оның аз мөлшерде екендігі туралы қорытындыны жібереді.

Мұндай жағдайда пайдалы қазбалар жатқан аумақта құрылыс салуға рұқсат алу талап етілмейді.

9. Өтінім берілген алдағы құрылыс салу аумағының астында пайдалы қазбалар бар болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде көрсетілетін қызметті алушының ЖҚПБП-дағы "жеке кабинетіне" алдағы құрылыс салу аумағының астында пайдалы қазбалардың болуы туралы хабарламаны береді.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Қорытындыны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы "Пайдалы қазбалар жатқан аумақтарды салуға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің ақпараттандыру объектілері арқылы өтінім береді.

ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің ақпараттандыру объектілері арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) көзделіп отырған құрылыс аумағының және оған іргелес алаңның топографиялық жоспарының электрондық көшірмесі (топографиялық жоспардың көшірмесінде тау-кен-геологиялық жағдайы, қолданыстағы және жобаланатын құрылыс контурлары, тау-кен бөлу шекаралары, құрылыс объектілеріне тау-кен әзірлемелерінің зиянды әсер ету аймақтарының шекаралары көрсетіледі);

2) электрондық түсіндірме жазба.

Жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің ақпараттандыру объектілері арқылы ұсынған кезде автоматты тіркеу жүреді және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" бірегей есептік нөмірі, өтінішті тіркеу күні мен уақыты және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетілген мәртебе көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы ақпарат мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде автоматты режимде жаңартылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі құжаттар мен негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 6-қосымшада баяндалған.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Көрсетілетін қызметті берушінің пайдалы қазбалар жатқан аумақта құрылыс салуға рұқсат беру туралы өтінімі (бұдан әрі – рұқсат беру туралы өтінім) қабылданғаннан және оны автоматты түрде тіркегеннен кейін рұқсат беру туралы

өтінім көрсетілетін қызметті берушінің және тиісті аумақтық бөлімшенің жеке кабинеттерінде автоматты түрде көрсетіледі.";

осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшалар осы бұйрыққа 20, 21, 22, 23, 24 және 25-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Геологиялық және (немесе) тау-кендік бөлуді беру және қайта ресімдеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 285 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20723 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 278-бабының 16-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Геологиялық және (немесе) тау-кендік бөлуді беру және қайта ресімдеу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Геологиялық және тау-кендік бөлуді беру және қайта ресімдеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 278-бабының 16-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және геологиялық және тау-кендік бөлуді беру және қайта ресімдеу тәртібін айқындайды.

Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер, қысқартулар пайдаланылады:

1) геологиялық бөлу – барлауға және өндіруге немесе барлауға арналған келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, жер қойнауын пайдаланушы барлау жүргізетін жер қойнауы учаскесін схемалық және сипаттамалық жағынан айқындайтын қосымша;

2) тау-кендік бөлу – барлауға және өндіруге немесе барлауға арналған келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, жер қойнауы учаскесін графикалық және сипаттамалық жағынан айқындайтын, оның шегінде жер қойнауын пайдаланушы барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын өндіруді, салуды және (немесе) пайдалануды жүргізетін құжат;

3) келісімшарт – Кодексте белгіленген құзыретіне сәйкес құзыретті орган мен жеке және (немесе) заңды тұлға арасындағы пайдалы қазбаларды барлауды және өндіруді немесе барлауды жүргізуге не барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған шарт;

4) жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы (бұдан әрі – ЖҚПБП) – жер қойнауын пайдалану саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің бизнес-процестерін автоматтандыруға арналған мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталындағы ақпараттық сервис.";

5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімін, мемлекеттік қызметті көрсету нысанын, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі, мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер осы Қағидаларға 1-қосымшада баяндалған.";

6. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің ақпараттандыру объектілері арқылы осы Қағидалардың Тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді.

7. Өтініш беру сәті көрсетілетін қызметті берушіге өтініштің келіп түскен күні мен уақыты және оның ЖҚПБП-ге автоматты түрде тіркелуі болып есептеледі.

8. Өтініш берген кезде өтінішті тіркеу осы Қағидаларға Тізбенің 7-тармағына сәйкес көрсетілген жұмыс кестесіне сәйкес ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің ақпараттандыру объектілері арқылы автоматты түрде жүзеге асырылады, көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетінде өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

9. Көрсетілетін қызметті беруші өтініш тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде құжаттарды осы Қағидаларға Тізбенің 8-тармағының 1) тармақшасына сәйкес толықтығы мен сәйкестігі тұрғысынан тексереді.

Қоса берілген құжаттар бар өтініш сәйкес келген жағдайда, автоматты түрде геологиялық ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және ұсыну жөніндегі ұлттық оператордың (бұдан әрі – Ұлттық оператор) жеке кабинетіне жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған кезде, сондай-ақ осы Қағидаларға Тізбенің 8-тармағының 1) және (немесе) 2) тармақшаларында көзделген геологиялық және тау-кен бөлуді ұсынуға ұсынылған құжаттар сәйкес келмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет

көрсетуден бас тартады және геологиялық және тау-кен бөлуді ұсынудан дәлелді бас тартады.

10. Ұлттық оператор өтінішті қоса берілген құжаттармен бірге қарастырады және құжаттарды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарастыру нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің жеке кабинетіне ЭЦҚ қойылған қорытындыны жібереді.

Көрсетілетін қызметті беруші қорытындыны учаске(лер) аумағының Кодекстің 19-бабының 1-тармағының, 26-бабының ережелеріне сәйкестігі тұрғысынан қарастырады және қорытындыны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде геологиялық және (немесе) тау-кендік бөлуді беру және қайта ресімдеуді көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жібереді.

Егер қорытындыны қарастыру кезінде көрсетілетін қызметті беруші учаскенің (учаскелердің) аумағын Кодекстің 19-бабының 1-тармағына, 26-бабына сәйкес немесе жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге жол берілмейтін аумақпен толық қоса атқару салдарынан беруге болмайтынын анықтаса, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне анықталған сәйкессіздіктерге байланысты ЭЦҚ қойылған дәлелді бас тартуды жолдайды.

11. Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздемелер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдау өткізудің уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау ол хабарлама алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

12. Осы Қағидалардың Тізбесіне 2 және (немесе) 3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша геологиялық және тау-кендік бөлуді беру көрсетілетін қызметті алушының өтініші келіп түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмей, құзыретті органның (келісімшарттың тарапы болып табылатын мемлекеттік органның) ЖҚПБП ақпараттық жүйесінің ақпараттандыру объектілері арқылы міндетті түрде хабардар етіле отырып жүзеге асырылады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының ЖҚПБП-дағы "жеке кабинетіне" жіберіледі.";

"Геологиялық және (немесе) тау-кендік бөлуді беру және қайта ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына қосымша осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

"Геологиялық және тау-кендік бөлуді беру және қайта рәсімдеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 27, 28 және 29-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

бұйрығына

1-қосымша

"Су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларын келісу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрлігі
Геология комитетінің

(облыс/қала) бойынша аумақтық
бөлімшесі

Өтініш

Жерасты су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған қорғау іс-шараларын келісуіңізді сұраймын.

Объектінің географиялық координаттарда орналасуы:

Бұрыштық нүктелердің №	Бұрыштық нүктелердің координаттары					
	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	градус	минут	секунд	градус	минут	секунд
1						
2						
...						

Өзім (-із) туралы мәліметтерді ұсынамын:

заңды тұлғалар үшін:

атауы _____

бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

телефон нөмірі (факс): _____

ұялы телефон нөмірі: _____

e-mail: _____

банктік деректемелері: _____

жеке сәйкестендіру коды _____

банктік сәйкестендіру коды _____

банктің атауы _____

бенефициар коды _____

Өтінішке қоса беріледі:

1) _____

2) _____

жеке тұлғалар үшін:

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) _____

жеке сәйкестендіру нөмірі _____

төлқұжат деректері _____

азаматтығы _____

телефон нөмірі (факс): _____

ұялы телефон нөмірі: _____

e-mail: _____

банктік деректемелері: _____

жеке сәйкестендіру коды _____

банктік сәйкестендіру коды _____

банктің атауы _____

бенефициар коды _____

Өтінішке қоса беріледі:

1) _____

2) _____

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға, жүктеуге және пайдалануға келісемін.

Өтініш берушінің ЭЦҚ деректері;

өтініш берушінің ЭЦҚ-мен қол қою күні мен уақыты.

20 _ жылғы " _ " _____ сағат ____ минут.

бұйрығына

2-қосымша

"Су объектілерінің

сарқылуына жол бермеуге

бағытталған су қорғау

іс-шараларын келісу"

мемлекеттік қызмет

көрсету қағидаларына

2-қосымша

"Су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларын келісу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Геология комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
		Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру "Жер қойнауын

2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	пайдалану бірыңғай платформасы " (бұдан әрі – ЖҚПБП) ақпараттық жүйесінің ақпараттандыру объектілері арқылы жүзеге асырылады
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Көрсету мерзімі – 7 жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Су объектілерінің сарқылуын болдырмауға бағытталған су қорғау іс-шараларын келісу не дәлелді бас тарту туралы хабарлама
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін негізде көрсетіледі.
